

Шымкент қаласын дамытудың және құрылысын салудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 498 қаулысы

Шымкент қаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту және жинақы құрылысын салу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шымкент қаласын дамытудың және құрылысын салудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), Шымкент қаласының әкімдігі және мүдделі ұйымдар (келісу бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жыл сайын, 20 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 1 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 10 шілдедегі
№ 498 қаулысымен
бекітілген

Шымкент қаласын дамытудың және құрылысын салудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспары

Ағымдағы жағдай

Шымкент қаласының аумағы – 116 280 га, халық саны 1 010,5 мың адамды (2018 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша) құрайды, халықтың орташа тығыздығы - 826,7 адам/км².

Соңғы 10 жылда халық санының қарқынды өсуіне қала аумағына жақын орналасқан аудандар елді мекендерінің қосылуы әсер етті, бұл қала аумағының 116 280 га дейін ұлғаюына ықпал етті, халық саны 1,0 миллионнан асты.

2018 жылғы 19 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала (мегаполис) мәртебесі берілді.

Бүгінгі күні Шымкент қаласы инфрақұрылымы дамыған Қазақстанның өнеркәсіптік, сауда және мәдени орталықтарының бірі болып табылады.

Шымкент қаласының аумағында дәрілік заттар өндіретін "Химфарм" АҚ сияқты химия өнеркәсібінің; "Петро Казахстан Продактс" ЖШС мұнай өңдеу өнеркәсібі, "Бал Текстиль" ЖШС, "Azala Textile" ЖШС тоқыма өнеркәсібі; "Шымкентцемент" АҚ, "Стандарт-Цемент" ЖШС құрылыс индустриясының ірі кәсіпорындары, сондай-ақ мақта, күнбағыс, мақсары, соя өңдеу кәсіпорындары, тамақ өнеркәсібінде тазартылған май, сыра, салқындатқыш сусындар, сүт өнімдерін өндіру кәсіпорындары орналасқан. Сонымен қатар Шымкент қаласының аумағында орналасқан "Оңтүстік" АЭА тоқыма өнеркәсібін дамытуға ықпал етеді. Қалада инвестициялық ахуал мен әлеуетті жақсарту үшін, шағын және орта бизнеске қолайлы жағдай жасау үшін 2 индустриялық аймақ жұмыс істейді. Мұнда металлургия, химия, фармацевтика және құрылыс өнеркәсібінің өнімдері шығарылады.

Қаланың индустриялық аймақтарында 114,3 млрд.теңге сомасына 117 жоба іске асырылуда, оларда 7 мыңнан астам жұмыс орны ашылады.

Индустриялық аймақтарда іске асырылған жобалардың жалпы саны 63-ке жетіп, оларға 41,9 млрд. теңге сомасына инвестиция тартылды және жаңа 4 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Қазіргі уақытта Шымкент қаласының даму ерекшеліктері:

1. 2018 жылы ЖӨӨ 2 039,8 млрд. теңге болып, республика бойынша үлесі 3,4 % құрайды. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі 2 077,5 мың теңгені құрайды.

2. Шымкент қаласының аумағында автономдық жылыту жүйелері басым. 2018 жылы жылу трассаларының ұзындығы 411,7 км-ден 412,9 км-ге дейін ұзарды, ал газ құбырының ұзындығы 6 339,96 км құрап, 1 тұтынушыға орташа газ желілерінің 6,3 м келеді.

3. Қала шетінде орналасқан елді мекендерде орталықтандырылған инфрақұрылым жүйелері дамымаған, экологиялық жағдайы (ҚТҚ 50 %-дан кем шығарылуда) мүшкіл, абаттандыру және көлік қызметтерін көрсету төмен жағдайда. Жеке тұрғын үй секторы пайдаланылатын тұрғын үйлердің 52 %-ын құрайды, бұл өз кезегінде субурбанизацияның өсуіне алып келеді. Атмосфера ластануының индексі 8-ге тең.

4. Өнеркәсіп саласы қала экономикасында үлкен маңызға ие. Осы салада жұмыс істейтіндердің үлесі барлық жұмыспен қамтылған халықтың 7,3 % құрайды, ал оның жалпы өнімдегі үлесі – 26,5 %. Қалада 54 ірі және орта өндірістік кәсіпорын тіркелген және жұмыс істейді. Шымкент қаласының өнеркәсіптік кәсіпорындары арасында қайта өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары ерекше дамыған (оның үлесі жалпы көлемнің 84,6 %-ын құрайды).

5. Қазіргі уақытта Шымкент қаласы ірі жұмыс берушілер, ғылым және білім беру, медицина объектілерінің негізгі бөлігі және басқа да қызмет көрсету объектілері шоғырланған елдің ірі урбандалған қалаларының үштігіне кіреді. Сондай-ақ қаланың Орталық Азияның ірі хаб қаласы болуға әлеуеті зор, өйткені қаржы институттары мен озық технологиялар бар, білім беру саласында кадрлар сапасын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

6. Бүгінгі күні Шымкентте 5 театр, 10 мәдениет үйі, 5 кітапхана, көрме орталығы, хайуанаттар бағы, дендропарк және басқа да мәдениет объектілері жұмыс істейді. Шымкент қаласының 2020 жылы ТМД мәдени астанасы ретінде жариялануына байланысты туристер мен келушілердің үлкен легі болжанады. Сондықтан жаңа мәдениет объектілерін салу және жұмыс істеп тұрған мәдениет объектілерін реконструкциялау қажет.

7. Қала аумағында 7 мыңға жуық сауда, 1 мыңға жуық қоғамдық тамақтану объектілері, халыққа қызмет көрсету бойынша 1 178 объект және 33 базар жұмыс істейді, онда азаматтар негізінен оңайлатылған салық режимімен жұмыс істейді. Жоғарыда аталған сауда объектілерінде шамамен 31 мың адам жұмыс істейді.

8. Шымкент қаласы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы логистикалық өзара қарым-қатынасты дамытудағы стратегиялық маңызды түйін болып табылады, сондай-ақ минералдық шикізат пен мұнай өңдеу өнімдерін, ауыл шаруашылығы өнімдерін (мақта талшығы, мата, сыра, темекі өнімдері), фармацевтикалық өнімдерді, электротехникалық және машина жабдықтарын ірі өндіруші және жеткізуші болуға әлеуеті бар.

МАҚСАТТАРЫ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Кешенді жоспардың басты мақсаты аумақ құрылысын жинақы салу және қала халқының өмірі үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Қойылған мақсатты шешу үшін мына міндеттерді шешу көзделеді:

Инфрақұрылымдық қамтамасыз ету;

Көпқабатты үйлер мен әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін салу;

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту;

Тарихи-мәдени объектілерді реконструкциялау;

Ескі тұрғын үйлерді бұзу.

Р / с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар * (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
I. Көлік инфрақұрылымы						

1.	А-2 автомобиль жолын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	4 614,0	РБ
				2021	4 500,0	
				2022	4 517,2	
				2023	6 844,8	
				ЖБ	2020	512,7
					2021	500,0
					2022	501,9
					2023	760,5
2.	Қонаев даңғылының жалғасын салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	9 294,3	РБ
				2021	5 400,0	
				2022	7 232,1	
				2023	6 354,9	
				ЖБ	2020	1 032,7
					2021	600,0
					2022	803,6
					2023	706,1
3.	Жібек жолы мен Сайрам көшелерінің қиылысында жолайрығын салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	900,0	РБ
				2021	2 700,0	
				ЖБ	2020	100,0
					2021	300,0
4.	Рысқұлов көшесі мен Қонаев даңғылының қиылысында жолайрығын салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	900,0	РБ
				2021	2 250,0	
				2022	2 250,0	
				ЖБ	2020	100,0
					2021	250,0
					2022	250,0
5.	Бәйдібек би-Арғынбеков-Назарбеков-Астана даңғылдарының қиылысында жолайрығын салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	1 800,0	РБ
				2022	1 800,0	
				2023	2 250,0	
				ЖБ	2021	200,0
					2022	200,0
					2023	250,0
6.	Бәйдібек би-Төлеметов даңғылдарының қиылысында жолайрығын салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	900,0	РБ
				2021	1 125,0	
				2022	1 125,0	
				ЖБ	2020	100,0
					2021	125,0
					2022	125,0
7	Оңтүстік бөлікте айналма жол салу **	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының	2020	1 500,0	МЖӘ
				2021	2 000,0	
				2022	2 996,0	

7.		беру актісі	әкімдігі, ИИДМ	2023	2 999,3	ИИДМ
8.	Оңтүстік-Шығыс айналма жолын салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	450,0	РБ
				2021	900,0	
				2022	1 125,0	
				2023	1 125,0	
				2020	50,0	ЖБ
				2021	100,0	
				2022	125,0	
				2023	125,0	
9.	Шымкент қаласында жоспарланған Оңтүстік айналма автомобиль жолында автожол көпірін салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	632,8	РБ
				2019	122,9	ЖБ
10.	Әуежай аумағында жаңа жолаушылар терминалын салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі, ИИДМ	2019	9 620,0	ЖИ
				2020	9 620,0	
11.	Теміржол вокзалын реконструкциялау**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі, "ҚТЖ" АҚ, ИИДМ	2019	4 200,0	ЖИ
Жиыны					111 865,8	

II. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық Жылуден жабдықтау

12.	ӘЮ-160Гкал қазандығынан АҚ-1-ге дейін магистральдық жылу желісін салу, 2-кезек	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	1 572,0	РБ
				2021	1 000,0	
13.	РК-1 сорғы станциясын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	400,0	РБ
				2021	300,0	
14.	Адырбеков көшесіндегі ЖК-4-тен Желтоқсан көшесіндегі Жедел жәрдем станциясына дейін магистральдық жылу желілерін салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	122,0	РБ
			ИИДМ, Қаржымині,			

15.	Шымкент қаласының солтүстік бөлігіндегі магистральдық жылу желілерін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	2 999,6	РБ
16.	Алдияров көшесіндегі ЖҚ-19-дан "Цементников" ауылының Адырбеков көшесіндегі "Бойлерный" дейінгі магистральдық жылу желісін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	455,3	РБ
17.	ЖҚ-4-тен Гоголь көшесіндегі СС-3-ке дейін, Адырбеков көшесіндегі СС-2-ден ЖҚ-4-ке дейінгі магистральдық жылу желілерін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	1 542,1	РБ
18.	Адырбеков көшесіндегі ЦТП-дан ЖҚ-4-ке дейінгі магистральдық жылу желілерін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	1 731,3	РБ
19.	Адырбеков көшесіндегі ЖҚ-24-тен Ғ.Иляев көшесіндегі ЖҚ-27-ге дейінгі Ø-720мм магистральдық жылу желісін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	370,0	РБ
20.	Адырбеков көшесі ЖҚ-20-дан Тәукехан даңғылы ЖҚ-24-ке дейінгі Ø-720мм кұрайтын магистральдық жылу желісін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	360,5	РБ
21.	К-1, К-16, ЕДЖ сорғы станцияларын реконструкциялау, 4-кезек	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	850,0	РБ
				2021	500,1	
22.	Гагарин көшесіндегі ЖҚ-7а-дан Абай даңғылындағы Громов көшесі бойында ЖҚ-7-ге дейінгі магистральдық жылу желілерін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	1 200,0	РБ
23.	Амангелді көшесіндегі "Амангелді" және Гагарин көшесіндегі "Гагарин" сорғы станциясын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	870,5	РБ
24.	Тоқаев көшесіндегі ЖҚ-25-тен Түркістан көшесіндегі ЖҚ-25 дейінгі Ø-530мм магистральдық жылу желілерін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	1 900,0	РБ
				2022	1 028,6	
25.			ИИДМ, Қаржымині, Шымкент	2022	711,6	РБ

	Қаратөбе тас жолындағы К-4 және 18 ш/а СС-4 сорғы станцияларын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	қаласының әкімдігі			
26.	Солтүстік шағын ауданындағы және Республика даңғылындағы ПНС-5 сорғы станцияларын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	450,0	РБ
				2022	428,9	
27.	Адырбеков көшесіндегі ЖҚ-16-дан ЖҚ-19-ға дейінгі Ø-720мм магистральдық жылу желісін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2023	1 820,2	РБ
28.	1-ші кезектегі ЖҚ-6-дан Жансүгіров көшесіндегі ЖҚ-7-ге дейінгі Ø-720мм магистральдық жылу желісін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2023	444,5	РБ
29.	Әйтеке би көшесіндегі ЖҚ-12-ден Түркістан көшесіндегі ЖҚ-25-ке дейінгі Ø-630мм және Ø-530мм магистральдық жылу желісін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2023	725,4	РБ
30.	ӘЮ-160 Гкал қазандығын жаңғырту, III-кезектегі	пайдалануға беру актісі	Э М , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	736,5	РБ
				2021	81,8	ЖБ
	Жиыны				22 600,9	
Газбен жабдықтау						
31.	Қаланың газбен жабдықтау жүйесін салу	пайдалануға беру актісі	ЭМ, ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	1 500,0	РБ
				2021	2 164,6	
				2022	3 764,0	
				2023	3 500,0	
				2020	1 975,8	ЖБ
				2021	488,6	
				2022	167,3	
				2023	182,6	
	Жиыны				13 742,9	
Электрмен жабдықтау						
32.	Асар-2 т/а ЖВЖ-110 кВ жүргізу желісі бар 110/10 кВ "1-М-1" ҚС салу	пайдалануға беру актісі	ЭМ, ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	1 800,0	РБ
				2020	1 000,0	
				2021	3 851,2	
				2019	200,0	ЖБ
				2020	166,0	

				2021	200,0					
33.	Құрсай т/а ЖВЖ-110 кВ жүргізу желісі бар 110/35/10 кВ "Ақжар" ҚС салу	пайдалануға беру актісі	ЭМ, ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	1 795,0	РБ				
				2020	2 317,8					
				2021	4 544,1					
								2019	200,0	ЖБ
								2020	300,0	
								2021	262,4	
34.	"Оңтүстік-3,4" тұрғын алабында 220 кВ жүргізу желісімен 220/110/10 кВ "Южная" ҚС салу	пайдалануға беру актісі	ЭМ, ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	1 350,0	РБ				
				2022	2 700,0					
				2023	3 735,0					
								2021	150,0	ЖБ
								2022	300,0	
								2023	415,0	
35.	220/110/10 кВ "Бозарық" ҚС-тан 220/110/10 кВ "Южная" ҚС-қа дейін 220 кВ әуе желісін салу	пайдалануға беру актісі	ЭМ, ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2020	540,0	РБ				
				2021	900,0					
				2022	540,0					
								2020	60,0	ЖБ
								2021	100,0	
								2022	60,0	
36.	Ынтымақ-2 тұрғын алабында 110/10 кВ "Ынтымақ" (1-М-2) ҚС салу	пайдалануға беру актісі	ЭМ, ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	450,0	РБ				
				2022	1 350,0					
				2023	3 357,0					
								2021	50,0	ЖБ
								2022	150,0	
								2023	373,0	
37.	Қызылсу т/а ЖВЖ-220 кВ жүргізу желісімен "Қызылсу" 220/110/10 кВ ҚС салу	пайдалануға беру актісі	ЭМ, ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	450,0	РБ				
				2022	1 350,0					
				2023	5 859,0					
								2021	50,0	ЖБ
								2022	150,0	
								2023	651,0	
38.	Шымкент қаласының 220/110/10 кВ "Бозарық" ҚС 220 кВ ҚС салу	пайдалануға беру актісі	ЭМ, ИИДМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	1 000,0	РБ				
				2019	100,0	ЖБ				
39.	Қуаты 450 МВт/сағ. электр энергиясын өндіретін бу-газ кондырғысының құрылысы	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі, ЭМ	2021	57 000	ЖИ				
				2022	67 000					
				2023	66 000					
	Жиыны				232 826,5					

**Сумен
жабдықтау**

40.	Сумен жабдықтау жүйесін салу	пайдалануға беру актісі	И И Д М, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	900,0	РБ
				2020	3 762,9	
				2021	3 553,5	
				2022	5 253,0	
				2023	5 110,2	
				2019	279,5	ЖБ
				2020	408,4	
				2021	526,7	
				2022	336,0	
				2023	513,8	
Жиыны					20 644,0	
Су бұру						
41.	Су бұру жүйесін салу	пайдалануға беру актісі	И И Д М, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	300,0	РБ
				2020	6 256,9	
				2021	21 852,5	
				2022	21 887,0	
				2023	15 301,0	
				2019	34,5	ЖБ
				2020	668,1	
				2021	2 459,0	
				2022	2 210,5	
				2023	1 916,5	
Жиыны					72 886,0	
III. Тұрғын үй құрылысы						
42.	Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй салу, реконструкциялау және (немесе) сатып алу	пайдалануға беру актісі	И И Д М, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	4 768,0	Р Б
				2020	3 803,3	
				2021	1 929,4	
				2022	1 929,4	
				2023	1 929,4	
				2019	200,0	ЖБ
				2020	192,9	
				2021	192,9	
				2022	192,9	
				2023	192,9	
43.	Жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй салу, реконструкциялау және (немесе) сатып алу	пайдалануға беру актісі	И И Д М Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	2 160,0	РБ
				2020	2 160,0	
				2021	2 160,0	
				2019	216,0	ЖБ
				2020	216,0	
				2021	216,0	
				2019	21 651,0	

44.	Кредиттік тұрғын үйлер (көпқабатты) салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі, Бәйтерек" ҰБХ" (келісу бойынша), ИИДМ, Қаржымині, ҰЭМ	2020	15 477,0	ЖИ	
				2021	58 000,0		
				2022	55 000,0		
				2023	55 000,0		
45.	Жеке инвесторлар есебінен тұрғын үйлер (көпқабатты) салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2019	4 300,0	ЖИ	
				2020	20 000,0		
				2021	154 000,0		
				2022	50 000,0		
46.	Тұрғын үйлердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, ЭМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	3 652,5	РБ	
				2020	2 238,5		
				2021	5 882,4		
				2022	900,0		
				2023	900,0	ЖБ	
					2019		379,3
					2020		209,8
					2021		588,1
47.	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылым салу	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2022	90,0	ЖБ	
				2023	90,0		
				2019	1 250,0		
				2020	2 755,6		
				2021	2 954,8		
				2022	1 790,8		
				2019	125,0		
2020	389,5						
48.	Ескі тұрғын үйлерді бұзу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды, көпқабатты тұрғын үй кешендерін және әлеуметтік объектілерді салуға жер учаскелерін алып қою	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі, Қаржымині, АШМ	2021	352,3	ЖБ	
				2022	205,6		
				2019	6 000,0		
				2020	5 000,0		
	Жиыны				545 641,3		
IV. Білім беру жүйесін дамыту							
49.	Жаңа Тұрлан ш/а 600 орындық мектеп салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	1 500,0	МЖӘ	

50.	Ынтымақ-2 ш/а 600 орындық мектеп салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	1 800,0	МЖӘ
51.	Елтай ш/а 600 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	1 500,0	ЖБ
52.	Ақжар ш/а 600 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2021	1 500,0	ЖБ
53.	Тұран ш/а 1200 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	Б Ф М , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	587,3	РБ
				2019	92,9	ЖБ
54.	Әкімшілік-іскерлік орталықта 1200 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	Б Ф М , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	200,0	РБ
				2019	89,6	ЖБ
55.	Қызылжар т/а 900 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	Б Ф М , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	856,7	РБ
				2019	42,1	ЖБ
56.	Шаңырақ т/а 600 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	Б Ф М , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	959,5	РБ
				2019	24,4	ЖБ
57.	Самал-3 ш/а № 6 емхананың жанынан 1200 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	Б Ф М , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	500,0	Р Б
				2020	996,3	
				2021	242,6	
				2019	20,0	ЖБ
				2020	60,0	
2021	63,6					
58.	№ 23 мектепке жапсаржай салу	пайдалануға беру актісі	Б Ф М , Қаржымині Шымкент қаласының әкімдігі	2019	758,2	РБ
				2019	20,0	ЖБ
59.	Асар-2 ш/а 1200 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	Б Ф М , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	903,7	РБ
				2020	903,7	
				2019	1,0	ЖБ
				2020	121,0	
			Б Ф М , Қаржымині, Шымкент	2019	918,5	РБ
				2019		ЖБ

60.	Сайрам т/а 300 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	қаласының әкімдігі		1,0	
61.	Мирас ш/а № 85 мектепке 1000 орындық жапсаржай салу **	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2019	900,0	ЖИ
				2020	900,0	
62.	Тұран ш/а (8 га) студенттерге арналған жатақхана салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі, БҒМ	2022	17 000,0	ЖИ
63.	Самал-3 ш/а 1200 орындық мектеп салу	пайдалануға беру актісі	Б Ғ М , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	849,0	РБ
				2020	899,0	
				2019	77,0	ЖБ
				2020	60,0	
Жиыны					35 347,1	
V. Спорт жүйесін дамыту						
64.	"Металлург" стадионын реконструкциялау**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі, МСМ	2020	500,0	МЖӘ
				2021	1 000,0	
				2022	3 700,0	
65.	Қажымұқан атындағы орталық стадионды реконструкциялау (жаңғырту) **	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі, МСМ	2020	25 000,0	МЖӘ
66.	Шымкент Сити т/а көп функционалды спорт кешенін салу **	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі, МСМ	2019	7 000,0	МЖӘ
				2020	7 250,0	
				2021	7 250,0	
Жиыны					51 700,0	
VI. Мәдениет жүйесін дамыту						
67.	Конгресс-орталығын салу	пайдалануға беру актісі	М С М , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	4 500,0	РБ
				2020	4 500,0	
				2019	500,0	ЖБ
				2020	500,0	
68.	"Цитадель" музейін салу	пайдалануға беру актісі	М С М , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2019	1 422,0	РБ
				2020	5 688,0	
				2019	158,0	ЖБ
				2020	632,0	
Жиыны					17 900,0	
VII. Денсаулық сақтау жүйесін дамыту						
69.	"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы			2021	40 000,0	ЖИ
				2022	40 000,0	

	жанынан Шымкент қаласында 1000 төсектік көп бейінді аурухана салу" жобасын іске асыру **	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2023	40 000,0	
70.	Игілік елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	150,0	МЖӘ
71.	Тәуелсіздікке 20 жыл елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	120,0	МЖӘ
72.	Жиделі елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	100,0	МЖӘ
73.	Қайнарбұлақ II елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	120,0	МЖӘ
74.	Асар II елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	100,0	МЖӘ
75.	Қызыл су елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	100,0	МЖӘ
76.	Тассай елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2021	120,0	МЖӘ
77.	Тәжірибе елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2021	120,0	МЖӘ
78.	Қызылсай елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2021	120,0	МЖӘ
79.	Достық елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салу**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2021	120,0	МЖӘ
80.	Шанырақ елді мекенінде дәрігерлік амбулатория құрылысы**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2021	100,0	МЖӘ
81.	Ибрагим ата елді мекенінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталығының құрылысы**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2021	1 150,0	МЖӘ
82.	Сайрам елді мекенінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталығының құрылысы**	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2023	1 150,0	МЖӘ
	Жиыны				123 570,0	
VIII. Абаттандыруды дамыту						
	Қошқарата өзенін Ордабасы алаңынан Жангелдин көшесіне			2019	4 726,1	
				2020	2 113,0	

83.	дейін (I кезек) және Жангелдин көшесінен Республика даңғылына дейін (II кезек) абаттандыру	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2021	2 113,0	ЖБ
84.	Велосипед және соқпақ жол желісін салу (374 км)	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2019	1 200,0	ЖБ
				2020	1 550,0	
				2021	1 790,0	
				2022	2 312,1	
				2023	2 100,0	
85.	Қала аумағында 2019-2023 жылдары көшеттердің санын 5460,0 данаға және жасыл аймақтарды 13000 га арттыру	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2019	919,2	ЖБ
				2020	919,2	
				2021	919,3	
				2022	919,3	
				2023	919,3	
86.	Шымкент сити т/а 47 га саябақ салу	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2021	1 000,0	ЖБ
				2022	2 000,0	
				2023	5 600,0	
	Жиыны				31 100,5	
IX. Қоғамдық құқықтық тәртіпті және азаматтық қорғауды қамтамасыз ету						
87.	Шымкент қаласы полиция департаментінің бірыңғай байланыс орталығын салу	пайдалануға беру актісі	Шымкент қаласының әкімдігі	2020	1 000,0	ЖБ
	Жиыны				1 000,0	
X . Индустриялық аймақтарды дамыту						
88.	"Шымкент" агроиндустриялық аймағының инженерлік инфрақұрылымын салу	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	360,0	РБ
				2022	900,0	
				2021	40,0	ЖБ
				2022	100,0	
89.	"Жұлдыз" индустриялық аймағының 76,2 га инженерлік инфрақұрылымын салу	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ , Қаржымині, Шымкент қаласының әкімдігі	2021	400,0	РБ
				2022	773,8	
				2021	44,4	ЖБ
				2022	86,0	
	Жиыны				2 704,2	

Қаржыландыру көздері	2019	2020	2021	2022	2023	Барлығы
Республикалық бюджет	30 713,2	66 783,1	78 677,2	63 356,4	59 256,4	298 786,3

Жергілікті бюджет	15 728,5	19 937,1	17 263,1	12 285,2	15 795,7	81 009,6
Жеке инвестициялар	40 671,0	45 997,0	309 000,0	229 000,0	211 000,0	835 668,0
МЖӘ	7 000,0	38 240,0	11 980,0	6 696,0	4 149,3	68 065,3
ЖИЫНЫ	94 112,7	170 957,2	416 920,3	311 337,6	290 201,4	1 283 529,2

Кешенді жоспарды іске асырудан 2023 жылы мынадай нәтижелер күтіледі:

1. ЖӨӨ

2023 жылға қарай қаланың ЖӨӨ болжамды 1,75 есе өседі немесе номиналды түрде 3,5 млрд. теңгеге дейін ұлғаяды деп болжануда. ЖӨӨ құрылымында 2023 жылы өнеркәсіп (24,7 %), көлік және қоймалау (11,2 %), сауда (17,1 %) және құрылыс (5,0 %) басым болады. Сонымен қатар сауда, көлік және байланыс үлесі ұлғаяды.

2. Ауыл шаруашылығы

2023 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 2,5 есе ұлғаяды және ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы өнімі 63 млрд. теңгені, нақты көлемінің индексі – 103,7 % құрайды, еңбек өнімділігі 2,1 есе ұлғаяды.

3. Денсаулық сақтау

Денсаулық сақтау саласындағы объектілерді салу 70 мыңға жуық халықты қосымша қамтуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде бекітілген халыққа профилактикалық жұмыстар жүргізу үшін қолжетімділікті, тиімділікті және білікті, мамандандырылған және жедел медициналық көмек көрсетудің сапасын арттыруға, халықтың денсаулығын , медициналық қызметтер көрсету сапасын жақсартуға және 100 мың халыққа шаққанда өлім-жітімді 4,4-тен 4,1-ге дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Жалпы орташа өмір сүру ұзақтығы 73,5 жасқа дейін ұлғаяды.

4. Көліктік және инженерлік инфрақұрылым

2023 жылы жалпы жолдардың ұзындығынан қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 53,7 %-дан 59,4 %-ға дейін ұлғаяды. Көлік кептелісі азаяды және қаланың орталық бөлігі босайды, көшелердің өткізу қабілеті 2018 жылмен салыстырғанда 50 000 авт/тәул.-тен 80 000 авт/тәул.-ке дейін артады.

5. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

2023 жылы халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізуі 93 %-дан 98 %-ға дейін, ал су бұру жүйесіне қолжетімділік 49,1 %-дан 75 %-ға дейін өседі.

Шымкент қаласы халқының табиғи газбен қамтылуы 91,6 %-дан 98 %-ға дейін өседі

11 қосалқы станцияның және ішкі жеткізу желілерін салу халықтың сапалы және тұрақты электрмен жабдықтауға қолжетімділік деңгейін 88,9 %-дан 96,2 %-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазандықтарды салу және жылу желілерін реконструкциялау жылу беру деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ жылу желілерінің тозуы 47,2 %-дан 37,3 %-ға дейін азаяды.

6. Тұрғын үй

2023 жылды қоса алғанда, барлық қаржыландыру көздері есебінен 319 көпқабатты үй салу жоспарлануда (20 794 пәтер немесе 2109,3 мың м²), бұл 20 794 отбасын жеке тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

2023 жылы тұрғын үймен қамту 1 адамға шаққанда 24,2 шаршы метрден (2017 ж.) 27,1 шаршы метрге дейін ұлғаяды.

7. Білім беру

Білім беру объектілерін салу нәтижесінде қосымша 23500-ге жуық орын пайдалануға беріледі және бұл 2023 жылға қарай жұмыс істеп тұрған 19 үш ауысымды мектепті толық қысқартуға мүмкіндік береді.

8. Спорт

Дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын азаматтарды қамту 2023 жылы 30 %-ға жетеді. Спорттық объектілерді дамыту азаматтардың денсаулығына жағымды әсер тигізеді, халықтың басым бөлігін бұқаралық спортқа тартуға ықпал етеді, республикалық, сол сияқты халықаралық спорт жарыстарында жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

9. Мәдениет

Мәдениет объектілерін салу және реконструкциялау қазақтардың тарихи-мәдени мұрасын, көне қалашық ретінде Цитадельді музей түрінде жаңғыртуға мүмкіндік береді және бұл қаланың сәулеттік келбеті мен мәдениетін жақсартуға өз үлесін қосады.

2020 жылы Шымкент қаласы ТМД-ның мәдени астанасы болып жарияланды. Фестивальдар, форумдар, концерттер қою, қойылымдар өткізу, "Наурыз" ұлттық мерекесін тойлау, "Этно-ауыл" жобасын ашу жоспарлануда. Туристердің көптен келуі жоспарланып отыр.

10. Өнеркәсіп

Шымкент өнеркәсіптік-индустриялық қалаға айналады, жобаларды іске асыру нәтижесінде 2023 жылға қарай өнеркәсіп өндірісінің көлемі номиналды түрде 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге ұлғаяды және 851 млрд. теңгені, оның ішінде тау-кен өндіруде – 0,8 млрд. теңге, өңдеу өнеркәсібінде – 693 млрд. теңге, өңдеу өнеркәсібі өнімін өндірудің НКИ – 105 %, оның ішінде тау-кен өндіру – 102,5 %, өңдеу өнеркәсібі – 104 % құрайды.

Жұмыс істеп тұрған және жаңа кәсіпорындардың толық жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі және 4 500 жұмыс орны құрылатын болады.

11. Халықты әлеуметтік қорғау

Өнеркәсіптің өсуіне байланысты 2023 жылға қарай жұмыссыздықтың 5,1 %-дан 4,9 %-ға дейін төмендеуі күтілуде, 120,1 мың адамға әлеуметтік қолдау шаралары көрсетіледі, оның ішінде жұмыссыздар – 45 мың адам (37,5 %), өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 75,1 мың адам (62,4 %).

12. Туризм

Мәдениет объектілерін салу және реконструкциялау, сондай-ақ жаңа ірі туристік объектілерді құру, туризмнің түрлерін дамыту нәтижесінде тартылатын туристердің саны ұлғаяды.

Нәтижесінде 2023 жылға дейін туристер саны болжаммен 5 есеге (900 мыңға дейін), орналастыру объектілерінің саны 5 %-ға, көрсетілген қызметтердің көлемі 70 %-ға, инвестиция көлемі 5 есеге артады.

Кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі іс-шараларды өткізу нәтижесінде қала аумағының құрылысын жинақы салу және оны оңтайландыру қамтамасыз етілетін болады. Инженерлік-көліктік, әлеуметтік инфрақұрылымды тиімді пайдалануға қол жеткізу және халық үшін қолайлы және жайлы жағдайлар жасау күтілуде.

Ескертпе:

* - республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі Шымкент қаласының әкімдігі тиісті жоспарлы кезеңге қажетті құжаттаманы бюджет заңнамасына сәйкес ұсынған кезде республикалық және жергілікті бюджетті қалыптастыру және нақтылау кезінде нақтыланатын болады;

** - жеке инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі объектілерді салу барысында нақтыланатын болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

АҚ – акционерлік қоғам

АҚ – аудандық қазандық

ЖБ – жергілікті бюджет

ЖВЖ – жоғары вольтты желі

ЖИ – жеке инвестициялар

ЖӨӨ – жалпы өңірлік өнім

ЖҚ – жылу құдығы
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖЭО – жылу энергетикалық орталығы
ҚС – қосалқы станция
МЖӘ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік
НКИ – нақты көлем индексі
РБ – республикалық бюджет
СС – сорғы станциясы
ТҮКШ – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
т/а – тұрғын алап

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК